

**"Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 856 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"
" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына
мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының
экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережеде:

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Мемлекеттік комиссия қабылдаған шешімдерді іске асыру жөнінде мемлекеттік
органдар мен өзге де ұйымдар қабылдайтын шараларға мониторинг жүргізеді;"

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік комиссия төрағасының шешімі мен жұмыс органының
ұсыныстары бойынша кезектен тыс отырыстар шақырылуы мүмкін, олардың қарауына
жоспардан тыс мәселелер шығарылады.

Кезектен тыс отырыс өткізілетін күн, оған шығарылатын мәселелер бойынша
материалдарды ұсыну және Мемлекеттік комиссия мүшелерінің өз қатысуын растау
мерзімдері Мемлекеттік комиссия төрағасының кезектен тыс отырысты шақыру туралы
шешімінде айқындалады.

Мемлекеттік комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша сырттай дауыс беруге
бастама жасау арқылы жоспардан тыс мәселелерді шығаруға және қарауға жол беріледі

Мемлекеттік комиссия мүшелерінің сырттай дауыс беруге ұсынылған хаттама
жобасын қарауы осы Ереженің 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Мемлекеттік комиссияның шешімдері оның отырысқа қатысып отырған
мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және жүргізілген
стенограмма негізінде хаттамамен ресімделеді. Мемлекеттік комиссия мүшелерінің
дауыстары тең болған кезде төрағалық етуші берген дауыс шешуші болып табылады.

Мемлекеттік комиссия хаттамасының көшірмелері Мемлекеттік комиссияның
барлық мүшелеріне және мүдделі мемлекеттік органдарға жіберіледі.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның лауазымдық құрамы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2025 жылғы 25 сәуірдегі
№ 856 Жарлығына
ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2007 жылғы 13 сәуірдегі
№ 314 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның ЛАУАЗЫМДЫҚ ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

жетекшілік ететін мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Үкімет Аппаратының Басшысы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі

Қазақстан Республикасының Көлік министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі